

Қазақстан Республикасында биотехнологияны дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 802 Қаулысы

Қазақстан Республикасында биотехнология саласындағы ғылымды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының Биотехнология жөніндегі ұлттық орталығы", "Республикалық микроорганизмдер коллекциясы", "Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты", "Өсімдіктер физиологиясы, генетикасы және биоинженерия институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының Биотехнология ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні ғылым саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне Кәсіпорынның жарғысын бекітуге ұсынсын;

2) Кәсіпорынды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4 . М ы н а л а р :

1) "Прогресс" ғылыми-өндірістік бірлестігінің технопаркі" ашық акционерлік қ о ғ а м ы ;

2) "Фармацевтикалық биотехнология институты" ашық акционерлік қоғамы;

3) "Биотехнология жөніндегі білім беру орталығы" ашық акционерлік қоғамы таратылсын.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 4-тармағында көрсетілген заңды тұлғалардың таратылуына және кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлікті Кәсіпорынға беруге байланысты қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК